Банк шоттарына шу осы тармақтың 10) тармақшасында көрсетілген қосылу шартына қосылған екінші деңгейдегі банкте және (немесе) Ұлттық пошта операторында жүзеге асырылады, оның шеңберінде екінші деңгейдегі банк және (немесе) Ұлттық пошта операторы қызметалушылардың банк шоттарына аударылатын және кейіннен Пилоттық жоба шеңберінде тиісті ваучер ұстаушыларға көрсеткен білім беру қызметтері үшін қызмет көрсетушілердің тізбесіне енгізілген МДҰ-ға қолма-қол ақшасыз аударуға арналған бюджет қаражатының нысаналы мақсатын сақтауға кепілдік береді;

15) қосылу шартында көзделген мерзімдерде ваучер ұстаушылардың расталған қатысуға белгінесәйкес септелген мөлшерде ақшалай қаражатты ваучер ұстаушылардың банктік шоттарынан МДҰ банктік шоттарына аударартады;

16) қосылу шартында көзделген мерзімдерде акцептісіз тәртіппен септен шығарартады: қаржы жылының 31

желтоқсанындағы жағдай бойынша пайдаланылмаған қалған ақша ваучер ұстаушылардың шоттарына алынып, операторға аударылартады;

Алгоритмнің 56-тармағына сәйкес ваучер жойылған, ваучер ұстаушымен банктік шот шарты бұзылған жағдайда ваучер ұстаушының банктік шоттарында қалған ақша операторға аударылады;

17)

қосылу шартында көзделген мерзімдерде операторға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беруга тапсырысы орналастыруға пайдаланылған қаражат туралы ақпаратты оператормен келісілген нысан бойынша береді;

18)

қаржылық ваучер шеңберінде таңдаған және қатысатын ваучер ұстаушылардың қатысу табеліне одан әрі операторға беру үшін ҰБДҚ-ға береді;

19)

тиісті ваучер ұстаушыларға мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша олар көрсеткен білім беру қызметтері үшін кейіннен МДҰ-ға қолма-қол ақшасыз аударуға арналған бюджет қаражатының нысаналы мақсатының сақталуына, оның ішінде:

басқа ваучер ұстаушы немесе өзге үшінші тұлға үшін білім беру қызметтеріне ақыт өлеу мақсатында бір ваучер ұстаушының атына ашылған банктік шоттан МДҰ шотына бюджет қаражатына аудару;

білім беру қызметтері налушылар бойынша ваучерлік қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беруга тапсырысы орналастыру шеңберінде ашылған ваучер ұстаушының банктік шоттарынан қолма-қол ақша беру фактілеріне жол бермеуге кепілдік береді;

20) өзінің ақпараттандыру объектісінің және (немесе)

мобильді қосымшаның үздіксіз жұмысын және ваучер ұстаушылардың қатысу табеліне растайтын құжаттардың сақталуын қамтамасыз етеді;

Қызметалушы:

21) қаржылық ваучерді таңдағанда, екінші деңгейдегі банк және (немесе) Ұлттық пошта операторы тарапынан хабарлама алғаннан кейін мобильді қосымшада тіркеледі және екінші деңгейдегі банктің немесе Ұлттық пошта операторының белгіленген тәртібімен нысанында банк шоты туралы келісім шартты және қосылу келісіміне қосылу туралы өтінішке қол қояды;

22)

қызметалушымен МДҰ арасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша білім беру қызметтерін көрсетудің қолданыстағы электрондық шарты болған жағдайларды қоспағанда, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша білім беру қызметтерін көрсетудің эле

электрондық шартын жасасатын тиісті ақпараттандыру объектісі арқылы қолайлы МДҰ-ны таңдайды;

23) электрондық шартын МДҰ-мен жасаса отырып, осы тармақтың 10) тармақшасында көрсетілген қосылу шартына қосылуға келісім білдіреді және көрсетілген шарттардың талаптарын орындауға жауапты болады;

24) ваучер ұстаушының МДҰ қатысу табеліне септі айдан кейінгі айдың 1-10 аралығындағы кезеңдер астейді.

МДҰ толтырған ваучер ұстаушының МДҰ-ға қатысу табелінің деректері мен келіспеген жағдайда қызметалушы растайтын құжаттарды (олар болған жағдайда) қоса бере отырып, ақпараттандыру объектісінде келіспеу себебін толтырады.

Ваучер ұстаушының қатысу табелі жоғарыда көрсетілген мерзімдер асталмаған жағдайда,

соңғысы қызметалушы тарапынан автоматты түрде асталған болып есептеледі, бірақ бұл қатарынан 2 (екі) айдан аспауы қажет.

Бұл ретте МДҰ-да QR-кодтар пайдаланылатын келуді есепке алудың қосымша электрондық жүйесі енгізілген болса, онда қызметалушы тарапынан қатысу табелін растау талап етілмейді;

25) облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың немесе астананың агломерациясына жатқызылған елді мекенде тіркелу жағдайларын қоспағанда, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту қызметі көрсетілетін елді мекенде тұрақты немесе уақытша тіркелудің болуын қамтамасыз етеді;

МДҰ:

26) Пилоттық жобаға қатысушыларға қызметалушылардың дербес деректерін беруге, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру шеңберінде Пилоттық жобаға қатысушылар алғандер бс деректерді жинауға және оңдеуге қызметалушының келісімі беруін "Дербес деректер және олардың қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңның 8-бабының 1-тармағына сәйкес МДҰ мен қызметалушы арасындағы электрондық шартқа енгізу жолымен келісуін қамтамасыз етеді;

27) ҰБДҚ және ақпараттандыру объектісінде МДҰ тәрбиеленушілерінің нақты контингенті және объектінің жобалық қуаты туралы ақпаратты уақытылы өзектендіреді;

28)

қызметкерлермен еңбек шарттары несіпке алудың бірыңғай жүйесінде еңбек шарттарының болуын қамтамасыз етеді;

29)

ақпараттандыру объектісінде күн сайын ваучер ұстаушылардың қатысу табелін толықтырады және ақпараттандыру объектісін дерастайтын құжаттардың болуын қамтамасыз етеді;

30)

ваучер ұстаушының МДҰ-

ға қатысу табелінде деректері мен қызметалушының келіспеу себебін қарастырады және қарау нәтижелері бойынша осы тармақтың

10)

тармақшасында көрсетілген қосылу шартында көзделген мерзімдерде оны менкеліспеуіне байланысты

(келіспеу себебін көрсете отырып)

МДҰ ваучер ұстаушылардың қатысу табелін өзгерту туралы қызметалушы талабын қанағаттандыру не қанағаттандырудан бастарту туралы тиісті шешім қабылдайды;

31)

жастоптарын бір жастағы немесе әртүрлі жастағы қағидаты бойынша жинақтайды.

. Жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша толықтырылуы:

- ерте жастобы (1 жастағы балалар) – 10 баладан артық емес;
- кіші топ (2 жастағы балалар) – 20 баладан артық емес;
- ортаңғы топ (3 жастағы балалар) – 25 баладан артық емес;
- ересек топ (4 жастағы балалар) – 25 баладан артық емес;
- мектепалды даярлық тобы (сыныбы) (5 жастағы балалар) – 25 баладан

артық емес.

Жас ерекшелігі әртүрлі қағидасы бойынша толықтырылуы:

1) топта жас ерекшелігі екі түрлі балалар болған жағдайда:

- 1 және 2 жастағы – 15 баладан артық емес;
- 2 және 3 жастағы – 20 баладан артық емес;
- 3 және 4 жастағы – 25 баладан артық емес;
- 4 және 5 жастағы – 25 баладан артық емес;

2) топта жас ерекшелігі үш түрлі балалар болған жағдайда:

- 2, 3, 4 жастағы – 25 баладан артық емес;
- 3, 4, 5 жастағы – 25 баладан артық емес.

Бұл ретте ерте жас және мектепалды жастағы балаларды біріктіре отырып, әртүрлі жас қағидасы бойынша топтар құруға жол берілмейді (мектеп жасына дейінгі балалар саны аз елді мекендерден басқа).

50. Топта ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер болған кезде топты жинақтау білім беруді басқару органы әрбір осындай ваучер ұстаушыға жан басына шаққанда Жан басына шаққандағы нормативтік

қаржыландыру әдістемесінде көзделген жан басына шаққандағы нормативтің кемінде 3 еселенген мөлшерін белгілеген жағдайда, ваучер ұстаушылардың жалпы санын әрбір осындай ваучер ұстаушыға 3 (үш) кеміту есебінен жүзеге асырылады.

51. 1 шілдеден 31 шілдеге дейін жинақтау кезеңінде кемінде 30 (отыз) күн мерзімге демалыс себебінен уақытша болмаған балалардың орындарына балаларды қабылдауға жол беріледі, бұл ретте қаржыландыру жобалық қуаттан жоғары емес жүзеге асырылады.

52. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша көрсетілген білім беру қызметтері үшін ақы төлеу қосылу шартында көрсетілген мерзімде және талаптармен:

1) мектепке дейінгі ұйымға іс жүзінде келіп жүрген;

2) медициналық және өзге де ұйымдарда ауру, емделу, оңалту, ата-анасының біріне немесе баланың заңды өкіліне жылына 60 (алпыс) күн мерзімге еңбек демалысын беруі және баланы сауықтыруы себебі бойынша болмаған (анықтама немесе ата-анасының бірінің немесе баланың заңды өкілінің жазбаша өтінішін ұсынған жағдайда) ваучер ұстаушылар үшін жүргізіледі.

Қызмет алушы ваучер ұстаушының еңбекке уақытша жарамсыздығын (ауру, емдеу, оңалту) растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда, медициналық құжаттармен растау болмаған күндері еңбекке уақытша жарамсыздық себебі бойынша болмаған күндер ретінде есептеледі, ал расталмаған күндер ата-анасының күнтізбелік жыл ішінде күнтізбелік 60 (алпыс) күн шегінде есепке алуды жалғастырады;

3) МДҰ-да ағымдағы күнтізбелік жыл ішінде 40 (қырық) жиынтық күннен аспайтын мерзім қабылданған ваучер ұстаушылар үшін жүргізіледі.

53. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша айқындалатын көлемде және мөлшерде мынадай жағдайларда қаржыландырылады:

1) балалар МДҰ-ға бармайтын шектеу іс-шараларының, оның ішінде карантиннің, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың нәтижесінде қолданылу кезеңіне;

2) МДҰ-ға қабылданған, бірақ МДҰ-да кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жабдықтау, қайта жаңарту, қалпына келтіру, күрделі немесе ағымдағы жөндеу жүргізілуі себепті бармайтын балалар үшін (құжаттамалық растамасы болса) бірақ оған жылына 2 (екі) айдан аспайтын мерзімге қаржыландырылады.

54. МДҰ-ға қатысты қаржыландыруды тоқтату мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) оператор, уәкілетті орган, білім беруді басқару органы бастамашылық жасаған, ваучер ұстаушылар контингенті бойынша мәліметтерді бұрмалау фактілерін анықтауға байланысты тексерулер жүргізу кезеңінде;

2) Тапсырыс беруші мектепке дейінгі білім беру саласындағы заңнаманы бұзушылықтарды анықтаған кезде қаржыландыруды тоқтата тұру туралы талаптарды және (немесе) хабарламаларды орындау сәтіне дейін қатысу табеліне негізсіз енгізілген ваучер ұстаушы үшін бөлінген бюджет қаражатын қайтару туралы талаптар жіберілгеннен кейін.

55. Ваучер ұстаушыларға қатысты қаржыландыруды тоқтату басқа МДҰ-дан мемлекеттік тапсырыс алатын ваучер ұстаушының деректері қайталанған жағдайда жүзеге асырылады.

56. Ваучер ұстаушыларға қатысты ваучер мынадай:

1) ваучер ұстаушы басқа елді мекенге көшкен;

2) ваучер ұстаушы қайтыс болған жағдайда;

3) ваучер ұстаушының қатысу табелінде келтірілген деректермен келіспеуі себепті оны растамаған жағдайларды қоспағанда, қызмет алушы қатарынан екі ай бойы осы табельді растамаған жағдайларда жойылады. Елді мекенді Пилоттық жобаға қосу кезінде өтпелі кезеңге аталған мерзім қосылу шартының күнінен бастап 3 (үш) айды құрайды.

Бұл ретте осы тармақшаның талабы туындаған күтпеген жағдаяттарға байланысты саны осы МДҰ тәрбиеленушілерінің жалпы санының 3%-ынан аспайтын қызмет алушының қатысу табелі расталмаған жағдайға қолданылмайды.

Ата-аналары немесе заңды өкілдері қатысу табельдерін растауға мүмкіндігі жоқ ваучер ұстаушылардың тізімін басқару органы айқындайды және операторға ұсынады;

4) заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, дәлелді себепсіз ағымдағы күнтізбелік жыл ішінде ваучер ұстаушы 40 (қырық) жиынтық күннен артық келмеуі және білім беру қазметтерін алмауы, мынадай тәртіппен жүзеге асырылады. Ваучер ұстаушының дәлелсіз себеппен 35 (отыз бес) күнге дейін келмеуінің жиынтық ұзақтығына жеткен кезде ақпараттандыру объектісі қызмет алушыға, сондай-ақ МДҰ-ға ваучер ұстаушының МДҰ-ға келмеуінің жиынтық 40 (қырық) күніне жеткен жағдайда ваучердің күшін жою туралы ескертумен хабарлама жібереді. Ваучер ұстаушының дәлелді себепсіз келмеуінің жиынтық ұзақтығына 40 (қырық) күнге жеткен кезде ақпараттандыру объектісі қызмет алушыға, сондай-ақ МДҰ-ға бармаудың дәлелді себебін растайтын құжаттарды 5 (бес)

жұмыс күні ішінде ұсынбаған жағдайда ваучердің күшін жою туралы хабарлама жібереді.

57. Пилоттық жоба шеңберінде көрсетілетін білім беру қазметтерінің сапасы мен көлеміне мониторингтеуді Пилоттық жобаға қатысушылар жүргізеді.

Нысан

Білім беру қызметтерін
алушылар бойынша ваучерлік
қаржыландыруды ескере
отырып, мектепке дейінгі
тәрбие мен оқытуға мемлекеттік
білім беру тапсырысын
орналастыру туралы пилоттық
жобаны жүргізу алгоритміне
3-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарлама

Құрметті _____

(көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Сізге 2 қосымшаның 9-тармағында белгіленгін талаптарға сәйкес келмеуіне байланысты

(мемлекеттік қызметтің атауын көрсету)

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3) _____;

4) _____.

Алгоритмде көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметін көрсетуден бас тартылды.

Білім беру қ
алушылар бойы
қаржыланды
отырып, мект
тәрбие мен оқыт
білім беру т
орналастыру ту
жобаны жүргіз
5-қосы

Мен,

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда),

_____,
(және баланың жеке деректерін тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

"Мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу үшін мектеп жасына дейінгі (6 жасқа дейінгі) балаларды кезекке қою"/"Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" қызметтерін алу үшін талап етілетін менің жеке дерегімді және баланың жеке деректерін жинауға және өңдеуге, оның ішінде қол жеткізуге келісемін, сондай-ақ мынадайларға келісім беремін:

1) қызмет көрсету мақсатында тұлғаларға дербес деректерді беру;

2) қызметтер көрсету мақсатында оларды құру процесінде дербес деректерді трансшекаралық беруді.

Қызмет көрсету кезінде ұсынылатын құжаттардың дұрыстығын растау үшін талап етілетін өзге де мәліметтерді қамтитын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісемін.

Осы келісім қызмет көрсету нәтижесін алғанға дейінгі барлық кезең ішінде қолданылады.

Білім беру қызметтерін
алушылар бойынша ваучерлік
қаржыландыруды ескере
отырып, мектепке дейінгі
тәрбие мен оқытуға мемлекеттік
білім беру тапсырысын
орналастыру туралы пилоттық
жобаны жүргізу алгоритміне
6-қосымша

Нысан

Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің үлгілік шарты
Мектепке дейінгі ұйымның Жарғысы негізінде әрекет ететін, бұдан әрі
"мектепке дейінгі ұйым" деп аталатын

(мектепке дейінгі ұйымның атауы) басшысы атынан

(мектепке дейінгі ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
бір жағынан және екінші жағынан

(баланың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
бұдан әрі "ата-ана" деп аталатын ата-анасының (баланың заңды тұлғаларының)

біреуі

(тегі, аты, әкесінің аты, (болған жағдайда)
(бұдан әрі – Тараптар) арасындағы қарым-қатынасты анықтау және реттеу мақсатында төмендегілер туралы осы шарт жасалды:

1. Шарттың мәні

1.1. Осы шарт мектепке дейінгі білім беру ұйымы мен баланың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері арасында баланың мектепке дейінгі ұйымда

болған кезеңінде тараптардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ, тәрбиеленушіні тәрбиелеу мен оқытуға өзара жауапкершілік тетігін белгілей отырып, өзара қарым-қатынасты реттейді.

1.2. Осы шартқа қол қою арқылы баланың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілі мектепке дейінгі ұйым қол қойған және ол мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырған қосылу шартына қосылады.

Баланың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің қосылу шартына қосылуы:

мектепке дейінгі ұйым қол қойған және ол мемлекеттік сатып алу веб-порталында, оның ішінде оған барлық қосымшаларда орналастырған қосылу шартының талаптарымен және баланың ата-анасының немесе заңды өкілінің қосылу шартының барлық талаптарын ескертулерсіз және қарсылықтарсыз толық көлемде оқығанын, түсінгенін және қабылдағанын куәландырады;

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1-тармағына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру шеңберінде сенім білдірушінің дербес деректерін қосу шартын тараптардың жинауы мен өңдеуіне оның келісімін білдіру нысаны болып табылады.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Мектепке дейінгі ұйым:

1) мектепке дейінгі ұйымның Жарғысын және осы Шартты сақтауға;

2) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 372 бекітілген Білім беру қызметтерін алушылар бойынша ваучерлік қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы пилоттық жобаны жүргізу алгоритміне сәйкес тәрбиеленушілерді қабылдауды іске асыруға;

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген)

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын толық көлемде іске асырылуын қамтамасыз етуге;

4) баланың өмірімен мен денсаулығын сақтауды, физикалық, зияткерлік, тұлғалық дамытуды қамтамасыз ететін жағдайлар жасауды, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеруді, сапалы мектепалды даярлықты, теңгерімді тамақтануды, мүлкін сақтауды (киімі, аяқ-киімі) қамтамасыз етуге;

5) баланың әрекетін оның жасына, жеке ерекшеліктеріне және қабілеттеріне сәйкес ұйымдастыруға;

6) бес күндік, алты күндік (керегін сызу) – сағ _____ - _____ дейін мектепке дейінгі ұйымға бару кестесін жасауға;

7) тәрбиеленуші ауырған, денсаулық сақтау және басқа ұйымдарда емделген, сауықтырылған, денсаулығын түзеткен және оңалтылған (көрсетілімі бойынша анықтама және қорытынды ұсынған жағдайда) кезде, сондай-ақ, тәрбиеленушінің ата-анасының бірі немесе заңды өкілі тәрбиеленушінің жылына 60 (алпыс) күнге дейін мерзімде демалысқа немесе емделуге жазбаша өтініш ұсынған жағдайда, елді мекенде төтенше жағдай (әлеуметтік, табиғи, техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар), карантин енгізілген кезеңде баланың орнын сақтауға;

8) баланы тәрбиелеу мен оқыту мәселелерінде ата-анаға консультациялық көмек көрсетуге;

9) тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асыруға;

10) мектепалды даярлық бағдарламасын өткен тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан жыл сайын 1 тамызға дейін шығаруға;

11) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23469 болып тіркелген) сәйкес бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық -эпидемиологиялық талаптарын сақтауға;

12) тәрбиеленушінің ата-анасына немесе заңды өкілдеріне құрмет көрсетуге;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тәрбиеленушілерге психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды көрсету;

ата-аналардың (немесе заңды өкілі) жазбаша түрдегі келісімімен тәрбиеленушілермен психологиялық диагностика, консультация және

тренингтер (топтық, жеке) жүргізуге, ата-аналарға консультация беруге және тренингтер жүргізуге (қажет болған жағдайда) міндеттеледі.

2.2. Мектепке дейінгі ұйым:

1) Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес жұмыс күндері және демалыс күндері тәрбиеленушілер үшін білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер көрсетуге;

2) мектепке дейінгі ұйым мен тәрбиеленушінің ата-анасының немесе өзге де заңды өкілінің арасындағы шарттың талаптары бұзылғанда, тәрбиеленуші 40 (қырық) күннен астам дәлелсіз себеппен және әкімшілікке ескертпей, мектепке дейінгі ұйымға келмеген, дәрігерлік консультациялық комиссия анықтамасының негізінде тәрбиеленушінің келуіне кедергі болатын медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда шығаруға;

3) ата-анаға екі тараптың келісімі бойынша мектепке дейінгі ұйымда баланың тамақтануы үшін төлемді кейінге қалдыруға;

4) баланы алкагольді немесе наркотикті мас күйдегі ата-анасына немесе заңды өкіліне, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толмаған жақын туыстарына бермеуге;

5) ата-ана осы шартта көзделген міндеттерін жүйелі түрде орындамаған кезде бұл туралы ата-ананы күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей хабардар ете отырып, мерзімінен бұрын шартты бұзуға;

6) өндірістік қажеттілік болған жағдайда топтарды қосуға құқылы.

2.3. Ата-ана немесе баланың заңды өкілі:

1) Жарғымен анықталған ережелерді орындауға, осы шарттың талаптарын сақтауға;

2) баланың тамақтануы үшін _____ теңге мөлшерінде ағымдағы айға әр айдың 5-не дейін ақы төлеуге;

3) баланы тәрбиешіге жеке тапсыруға және одан алуға;

4) баланы алкагольді немесе наркотикті мас күйдегі, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толмаған жақын туысқандарына мектепке дейінгі ұйымнан алуды тапсырмауға;

5) мектепке дейінгі ұйымды баланың бармайтыны туралы алдын ала уақытында хабардар етуге;

6) тұмау немесе жұқпалы аурулардың белгілері бар баланы басқа тәрбиеленушілер арасында таратпау үшін мектепке дейінгі ұйымға әкелмеуге;

7) мектепке дейінгі ұйымға себепсіз бармай қалуды болдырмауға. Бала сырқаттанып қалған жағдайда емдеуші дәрігер берген медициналық анықтама әкелуге, сондай-ақ бала үш және одан астам уақыт болмаған

жағдайда тұрғылықты жері бойынша медициналық ұйым берген медициналық анықтаманы ұсынуға;

8) педагогтерге және қызметкерлерге өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауда құрмет көрсетуге;

9) тәрбие мен оқытудың барлық мәселелері бойынша "Мектепке дейінгі ұйыммен" өзара қарым-қатынас жасауға;

10) баланың денсаулығына және басқа балаларға байланысты өміріне қауіп келтіретін проблемаларды жасырмауға;

11) баланы, оның қызығушылықтарын ескере отырып:

әдептілікке, төзімділікке және ұлтаралық келісімге;

кибермәдениет пен кибергигиенаға тәрбиелеуге;

12) баланың қажеттіліктерін ескере отырып, мобильді құрылғыларды қолдануды шектеу мүмкіндіктерін қарастыруға;

13) баласының мектепке дейінгі ұйымға баруын қатамасыз етуге;

14) мектепке дейінгі ұйым қалыптастырған және екінші деңгейдегі банктің/Ұлттық пошта операторының ақпараттандыру объектісі арқылы жіберілген ваучер ұстаушының баланың қатысу табелін растауға не келіспеушілік себептерін көрсете отырып, ваучер ұстаушының баланың қатысу табелінде көрсетілген деректермен келіспеушілікті жіберуге міндеттеледі.

Мектепке дейінгі ұйым қалыптастырған және екінші деңгейдегі банктің/Ұлттық пошта операторының ақпараттандыру объектісі арқылы жіберілген ваучер ұстаушының баланың қатысу табелі қатарынан екі ай бойы қатарынан расталмаған жағдайда, ондағы деректермен келіспеу себебінен расталмаған жағдайларды қоспағанда, ваучер жойылады.

2.4. Ата-ана немесе баланың заңды өкілі:

1) балалармен жүргізілетін жұмысты жақсарту бойынша және мектепке дейінгі ұйымда қосымша қызмет түрлерін ұйымдастыру бойынша ұсыныс жасауға;

2) баланың мектепке дейінгі ұйымның жағдайына бейімделу кезеңінде белгілі бар уақыт ішінде екі тараптың келісуімен мектепке дейінгі ұйымда болуға;

3) екі тараптың келісімі бойынша баланың тамақтануы үшін төлемді белгіленген мерзімінен 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейінге қалдыруға;

4) осы шарт талаптарының орындалуын талап етуге;

5) алдын ала мектепке дейінгі ұйымды 10 (он) күнтізбелік күннен кеш емес уақытта ескертіп, осы шартты бір жақты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

2.5. Ата-ана МДҰ-мен осы Шартты жасаса отырып, осы МДҰ-да оның баласы үшін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды көздейтін қосылу шартына қосылуға келісім білдіреді.

3. Білім беру қызметін көрсету ақысының мөлшері және төлеу тәртібі:

Баланың тамақтануы үшін _____ теңге сомасындағы ата-ана төлемі ай сайын ағымдағы айдың 5-не дейін төленеді. Тәрбиеленуші ауырған, денсаулық сақтау және басқа ұйымдарда емделген, сауықтырылған, денсаулығын түзеткен және оңалтылған (көрсетілімі бойынша анықтама және қорытынды ұсынған жағдайда) кезде, сондай-ақ тәрбиеленушінің ата-анасының бірі немесе заңды өкілі тәрбиеленушінің жылына 60 (алпыс) күннен артық емес мерзімде демалысқа немесе емделуге жазбаша өтініш ұсынған жағдайда нақты келген күндерінің саны бойынша қайта есептеу келесі айдың басында жүргізіледі және төлем туралы түбіртекке енгізіледі.

4. Тараптардың жауапкершілігі:

Осы шартта көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

5. Дауларды шешу тәртібі:

1) осы шартты орындау процесінде туындаған келіспеушіліктер мен дауларды өзара қолайлы шешімдерге келу мақсатында тікелей тараптардың өздері шешеді;

2) тараптар арасында келіссөздер, өзара қолайлы шешімдер жасау жолымен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

6. Форс-мажор:

1) су тасқыны, өрт, басқа табиғи апаттар, соғыс немесе соғыс қимылдары сияқты форс-мажорлық жағдай кезінде, сондай-ақ саналы шектерде Тараптардың бақылауынан тәуелді болмайтын және шартты жасаудан кейін пайда болған басқа кез-келген жағдай кезінде Тараптардың жауапкершілігі басталмайды;

2) билік пен басқару органдарының Тараптардың тым болмаса біреуінің осы шарт міндеттемелерін орындауына мүмкіндік бермейтін актілерді қабылдауы да Тараптардың бақылауына тәуелді болмайтын жағдайлар ретінде танылады;

3) Тараптардың міндеттемелерді орындауы форс-мажорлық жағдайлар мен олардың салдарының әрекет ету мерзіміне сәйкестендіріле отырып ауыстырылады.

7. Шарттың әрекет ету мерзімі, талаптарын өзгерту және оны бұзу тәртібі:

1) шарт Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптардың өзара келісімі бойынша ұзартылуы, өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін. Бұл ретте осы Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес келуге және осы Шарттың талаптарын жақсартуға бағытталуға тиіс;

2) шартқа өзгерістер, толықтырулар енгізу оған қосымша түрінде ресімделеді;

3) шарттың әрекет ету мерзімі _____ бастап _____ дейін;

4) Осы шарт әр тарап үшін бір-бірден 2 данада жасалды.

Тараптардың мекенжайы және қолы:

Мектепке дейінгі ұйым _____ (мектепке дейінгі ұйымның атауы) Мекенжайы: _____ Мектепке дейінгі ұйым басшысы: _____ (тегі, аты, әкесінің аты, (болған жағдайда)) Қолы _____ Мөр (мемлекеттік ұйымдарға), (жеке меншік ұйымдарға - болған жағдайда)	Ата-ана: _____ (тегі, аты, әкесінің аты, (болған жағдайда)) Мекенжайы: _____ Төлқұжат деректері: _____ _____ _____ Байланыс деректері _____ Қолы _____
--	---

Білімберу қызметтерін
алушылар бойынша ваучерлік
қаржыландыруды ескере
отырып, мектепке дейінгі
тәрбие мен оқытуға мемлекеттік
білім беруді қамтамасыз
орналастыру жұмысын жүргізіп
7-қосымша
Нысан

Ваучерді беру туралы хабарлама

Құрметті:

(қызмет алушы өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Сіздің балаңызға _____ (баланың аты-жөні (болған жағдайда))

_____ (елді мекеннің атауы) ваучер берілді.

Білімберу қызметтерін
алушылар бойынша ваучерлік
қаржыландыруды ескере
отырып, мектепке дейінгі
тәрбие мен оқытуға мемлекеттік

Талаптарға сәйкестік/сәйкессіздік туралы хаттама

(ұйымның/мекеменің атауы)

Күні: _____

Құрастыру орны: _____

1. Комиссия (немесе уәкілетті орган) құрамы:

1) тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (лауазымы) – комиссия төрағасы

2) тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (лауазымы) – комиссия мүшесі

3) тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (лауазымы) – комиссия мүшесі

МДҰ-ның мынадай параметрлерге сәйкестігін тексерді:

1) "Мектепке дейінгі ұйымдар мен балалар үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар "санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығына сәйкес шарттарға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23469 болып тіркелген) – сәйкес келеді/сәйкес келмейді (сәйкес келмеу себебі көрсетілсін);

2) "Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығына сәйкес шарттарға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26867 болып тіркелген) - сәйкес келеді/сәйкес келмейді (сәйкес келмеу себебі көрсетілсін);

3) "Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына сәйкес талаптарға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27414 болып тіркелген) - сәйкес келеді/сәйкес келмейді (сәйкес келмеу себебі көрсетілсін);

4) "Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26618 болып тіркелген) сәйкес ерекше білім беру

қажеттіліктері бар балаларға білім беру үшін арнайы жағдайлар (бар болса) және "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қолжетімді ортаның болуына - сәйкес келеді/сәйкес келмейді (сәйкес келмеу себебі көрсетілсін);

5) "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) – сәйкес келеді/сәйкес келмейді (сәйкес келмеу себебі көрсетілсін);

6) Санитариялық қағидаларға сәйкес тәрбиеленушілерге медициналық қызмет көрсету және алғашқы медициналық көмек көрсету;

7) "Педагогтер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) және қаулыға сәйкес штат санына сәйкес тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар педагогикалық құраммен және "Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33166 болып тіркелген) сәйкес штат санына.

2. Тексеру қорытындысы бойынша Комиссия мынадай қорытындыға келді:

МДҰ осы Хаттаманың 1-тармағында көрсетілген параметрлерге сәйкес келеді/сәйкес келмейді.

Комиссия төрағасы _____ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы)

Комиссия мүшесі _____ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы)

Комиссия мүшесі _____ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы)

Білім беру қызметтерін
алушылар бойынша ваучерлік
қаржыландыруды ескере
отырып, мектепке дейінгі
тәрбие мен оқытуға мемлекеттік
білім беру тапсырысын
орналастыру туралы пилоттық
жобаны жүргізу алгоритміне
9-қосымша

"Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі (бұдан әрі – Талаптар тізбесі)		
1	МДҰ қызмет көрсетушінің атауы	Мектепке мектепке дейінгі ұйымдардың барлық түрлері
2	Қызметті ұсыну тәсілдері	Өтінішті қабылдау және қызметті көрсету нәтижесін беру: 1) "электронды үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz ; 2) ақпараттандыру объектілері; 3) ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы (қызметті алушының ұялы байланыс абоненттік құрылғысының телефон нөмірі "электронды үкімет" веб-порталында тіркелген жағдайда) арқылы жүзеге асады.
3	Қызметті көрсету мерзімі	Өтініш келіп түскен сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде
4	Қызметті көрсету нысаны	Электронды (ішінара автоматтандырылған)
5	Қызметті көрсету нәтижесі	баланы МДҰ-ға қабылдау / Қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап
6	Қызметті көрсету кезінде қызмет алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі
7	Жұмыс кестесі	1) "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz : жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (қызмет алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 2) ақпараттандыру объектілері: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (қызмет алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке

		күндері жүгінген кезде, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
8	Қызмет көрсету үшін қызмет алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	1) Алгоритмге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келісім; 2) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген № 065/у нысанындағы профилактикалық егу картасы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген); 3) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген "Бала денсаулығының паспорты" № 052-2/у нысанындағы анықтама; 4) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген № 027/у нысанындағы анықтама; 5) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қорытындысының электрондық көшірмесі (мүмкіндігі шектеулі балалар үшін) (болған жағдайда). Резидент еместер үшін: 1) алгоритмге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; 2) қызмет алушының (ата-анасының бірінің немесе заңды өкілінің) жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі; 3) баланың туу туралы куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі; 4) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген № 065/е нысанды профилактикалық егу картасы; 5) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген "Бала денсаулығы паспортының" № 052-2/у нысанындағы анықтама; 6) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген № 027/е нысанындағы анықтама; 7) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация

		қорытындысының электрондық көшірмесі (мүмкіндігі шектеулі балалар үшін) (бар болса).
9	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) қызмет алушы көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 2) қызмет алушының және (немесе) қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы алгоритмде белгіленген талаптар тізбесіне сәйкес келмеуі; 3) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алу үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге қызмет алушының келісімінің болмауы.
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электронды нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қойылатын өзге де талаптар	Қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Министрліктің интернет-ресурсында көрсетілген www.edu.gov.kz "Мемлекеттік қызметтер" бөлімінде. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығының телефондары: 1414, 8 800 080 7777.

Білім беру қызметтерін
алушылар бойынша ваучерлік
қаржыландыруды ескере
отырып, мектепке дейінгі
тәрбие мен оқытуға мемлекеттік
білім беру тапсырысын
орналастыру туралы пилоттық
жобаны жүргізу алгоритміне
10-қосымша

Нысан

Білім беруді басқару органының басшысына

(Басшының Т.А.Ә. (бар болса))

Өтініш

_____ тізімге

(мектепке дейінгі ұйымның атауы, БСН)

мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін мектепке дейінгі тәрбие және оқыту қызметтерін көрсетушілер тізіміне қосуыңызды сұраймын.

Осымен мынаны хабарлаймын:

- 1) мектепке дейінгі ұйымның жобалық қуаты: _____;
- 2) өтініш берілген күн бойынша нақты тәрбиеленушілер контингенті : _____ бала, оның ішінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға _____ бала;
- 3) бұрын мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы _____;

(орналастырылған/ орналастырылмаған және қай жылдан бастап орналастырылғанын көрсетіңіз)

- 4) мектепке дейінгі ұйым Ұлттық білім беру дерекқорының пайдаланушысы болып табылады.

Осымен мектепке дейінгі ұйым:

- 1) санитариялық-эпидемиологиялық талаптар, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның нақты қуаты шегінде балаларды мектепке дейінгі ұйымға қабылдау жөніндегі талаптардың;

- 2) адамдар мен мүлікті қорғау мақсатында өрт қауіпсіздігі талаптарының;

3) мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің нормалары мен қағидаларының сақталуын;

4) Ұлттық білім беру дерекқорында өзінің:

- тәрбиеленушілері;

- тәрбиешілері, оның ішінде олардың саны, білім деңгейі, біліктілігі, еңбек өтілі туралы ақпараттың ай сайын толтырылып отыруын;

5) тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамасының;

6) қолданыстағы заңнамаға сәйкес жергілікті атқарушы орган белгілеген ата-аналық төлемнің, оның ішінде қосымша қызметтер үшін, балалардың тамақтануы үшін төлемінің рұқсат етілген ең жоғары мөлшерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Қосымша: Тізімге қосылу үшін арналған құжаттар _____ парақта.

Басшы _____

(мектепке дейінгі ұйымның атауы)

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Толтыру күні " _____ " _____ 20 ____ ж.

Мөр орны (бар болса)